

**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚХА және ӘГП кафедрасы  
Слайд-дәріс**

**Пән: ФИЛОСОФИЯ**

**Тақырыбы:  
«ӨМІР ЖӘНЕ ӨЛІМ. ӨМІРДІҢ МӘНІ»**

**Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған**

**Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков**



**Қарағанды 2022**

## **ЖОСПАР:**

1. Адам болмысының категориялары (бақыт, сенім, өмір және өлім).
2. Өмірдің онтологиялық және аксиологиялық мазмұны.
3. Философиялық ойлар тарихындағы өмірдің мәні мәселесі: фатализм, гедонизм, волюнтаризм, функционализм.
4. Қорқыт дүниетанымындағы мәңгілік өмір мәселесі.
5. Фәлсафа дәстүріндегі Қожа Ахмет Яссауидің мистикалық дүниетанымы.
6. Өмірмәндік құндылықтар туралы ілім. Абай философиясындағы махаббат мән-мағына туғызатын бастама ретінде.

Жан, адамның ішкі әлемі - күрделі құрылым. Жан - бұл адамның тұтастығы мен ашықтығы, әрі оның ішкі әлемінің тұтастығы. Алайда, бұл дүниенің тұтастығы ерекше түрде беріледі. Ішкі әлем ешқашан бірден ашылмайды, өйткені, әр уақытта санада тек бір ғана қандайда алаңдаушылық болады, бірақ рухани әлемнің тұтастығы бар. Бұл дегеніміз - ішкі жан дүниесінің жалпыға бірдей ниеті, жанның әмбебап күйлері арқасында махаббат, сенім, бақыт, үміт және ойлау сезімі (жалпы түсіністік немесе даналық) сияқты жалпыадамзаттық сезімдер пайда болады.

*Махаббат (сүйіспеншілік)* - өмірдің ең керемет сезімі. Сүйіспеншілік (махаббат) сезіміндегі адам ғана өзінің шынымен өмір сүретінін сезінеді, онсыз ешнәрсе өмір сүрмейді, бұл оның еркі мен тілегіне қосымша серпіліс, қуат береді. Философия тұрғысынан біреуді жақсы көру махаббат тақырыбымен емес, сүйіспеншілік қабілетімен түсіндіріледі. Сүйіспеншіліктің пайда болуын басқа себептер түсіндіре алмайды. Олар бір нәрсені емес, махаббат болған соң сүйеді. Игі істер үшін, ар-ожданнның болуы үшін ешқандай себеп жоқ сияқты сүйіспеншілік үшін ешқандай себеп қажет емес.

Бастапқы өмірге деген *сенім* - бұл не ой, не трансцендентті жеке құдайдың бар екендігіне сену емес, бұл - баланың ішкі жан дүниесіндегі күштердің еркін қуанышты ойынына ұқсас ішкі жан күйі, жүректің тірлігі. Жанның осы күйі шексіз махаббаттың киесімен, мейірімділік, тыныштық, рақаттың, қасиеттілік сияқты сарқылмас асыл қазынасымен мызғымас байланыста. Сенім дегеніміз - оның мәні мен құндылығы жағынан адамның өзінен жоғары тұратын керемет нәрсе ретінде айқын сезінетін күштің жалыны. Сенім - идея да, идеялар жүйесі де емес. Бұл өмірдің өзі және оның қайнар көзі, өзін-өзі тану, әрі өзі сынақтан өтеді және тіршілік, өмір беретін күш-қуат ретінде әрекет етеді.

*Бақыт* деген не және бақытты болу деген не деген сауал адамды көптен бері мазалап келеді. Тек сол себепті де бақыт түсінігі адамның адамгершілік өмірінің белгілі бір сәтін, кезеңін көрсетуі керек. Бақыт ұғымының мәнін санамызда түсіну адамның рухани өміріндегі бұл құбылыстың күрделілігімен ғана емес, сонымен қатар, «бақыт» сөзінің күнделікті өмірде әртүрлі мағынада қолданылуына кедергі келтіреді. Бақыт ұғымы әр адам үшін жеке дара.

«Біреулерге бақыт ізгілік, екіншілеріне - парасаттылық, үшіншіге - танымал даналыққа ұқсайды, ал басқаларына мұның бәрі бірге немесе ләззатпен бірге не болмаса ләззаттың қатысуынсыз бір нәрсе, әрі бақыт ұғымына сыртқы дәулеттілікті қосатындар да бар» Бақыт түсінігіне қатысты адамдардың түрліше пікірлерін атай отырып, көпшілік үшін бақыт сәттілікте, ләззатта, құрметте, байлықта, т.б. көрнекілік және болуы тиіс жағдай. Аристотельше «Бақыт дегеніміз - бұл дәулет және жақсы өмірдің өзі».

Қазақ дүниетанымында «бақ дарыды», «бақытқа бөленді», «жақсылыққа кенелді», «бақыт таңы атты», «қуанышты күн туды», «дегеніне жетіп, бақытқа кенелді», «бағы жанды, жолы болды», т.б. ұғымдар арқылы ойдағы арман орындалып, шаттыққа кенелушілікті білдірген. Бақыт сөзінің мағыналас ұғымдары - бақ, құт, ырыс, талай, береке, бақыт құсы. Рухани мәдениет дәстүрінің тізгінін ұстаған майталман өкілдері қандай іс-әрекетті қолға алса да, оның мән-мазмұндық бастауының өзегінде адамгершілік қасиеті тұрған. Сондай дара тұлғалардың әрқайсысы өз тарих дәуірінің танымдық жүйесінде адамгершіліктік құндылықтардың негізін қалыптастыра отырып, оны көпшілікке насихаттаған.



Қай ұлт болмасын өзінің тарихи даму жолында ұлттық келбетіне, ментальдық қадір-қасиетіне сай өзгеше бейнелілік тәсілдерді де сөз өрнегімен жеткізу тәсілінде жетік пайдаланған. Мысалға, Бұқар жыраудың Абылай ханға арнауында мына бір жолдары осының дәлелі:

Дәулет құсы қонды басыңа,

Қыдыр келді қасыңа.

Бақ үйінде түнедің,

Алыстан тоят тіледің.

Бұл жерде «дәулет» сөзі астарында – қоғамның не жеке адамның материалдық игіліктерінің жиынтығы байлық, бақ, ырыс ұғымдары жатса керекті.

Сәкен Сейфуллиннің пікіріне жүгінер болсақ, қасиетті заттар «құс» ұғымының баламасы болған: «Бақ сүйген пендесіне құс болып қонады» деген наным бар. Ол құстың түсі ақ болады деп нанады. Әлгі «дәулет құсы» дейтіні, «басынан бағы ұшты» дейтіні – осы. Бұрынғы заманда хан сайланғанда, «бақ құсы», «дәулет құсы» деген екі құсты ұшырады екен. Сол ақ құс кімнің басына қонса, соны ақ киізге отырғызып, хан көтереді екен деген ертеке те бар. Адамның басына қонған ақ құсты – «бақ құсы», «дәулет құсы» екен деген ертекеке жұрт нанатын». Дәулет сөзінің ауыспалы мағынасы байлық болып келеді.

*Өлім* - адам тіршілігінің ең маңызды факторы. Біз тек өлімге бет бұра отырып, өмірді жақсы көруге күштарлық артады. Соған қарағанда адам тіршілігінің мазмұны әрі қадірі салыстырмалы тұрғыда құрметтеледі. Ежелгі грек мифологиясында ажалсыздық құдайлар адамды үкімге кескен ең қорқынышты жаза болған. Адам барлық тіршілік иелерінен өзінің өлімін білетіндігімен, өлімде барлық тірі табиғаттың сөзсіз аяқталатынын көретіндігімен ерекшеленеді. Өлім мәселесі сөзсіз жеке адамда да, қоғамдық санада да, ең алдымен дін мен философияда кездеседі.

Дін адамның өлімін оның жердегі, тәндік өмірінің аяқталуы және мәңгілік, рухани, жансыз өмірге көшу деп санайды. Ежелгі мысырлықтар адамның жер бетінде өмір сүруінен оның о дүниеге дайындығын көрді. Олар бұл дайындықты өте мұқият жүргізді - олар қабірлер мен пирамидаларды тұрғызды және безендірді, өлгендердің денелерін шебер бальзамдады. Аруақтарға табыну қандай да бір дәрежеде барлық діндерге тән. Ежелгі грек философиясында, ең алдымен Демокрит пен Эпикурдың еңбектерінде дәйекті және даулы, еркін ой мен атеизм өзіндік көрінісін тапты.

*Өмірдің мәні, болмыстың мәні* - тіршіліктің түпкі мақсатын, адамзаттың мақсатын, адамды биологиялық түр ретінде анықтаумен байланысты философиялық және рухани проблема, сонымен бірге адам жеке тұлға ретінде, адамның рухани-адамгершілік сипатын қалыптастыру үшін үлкен маңызы бар дүниетанымдық тұжырымдамалардың бірі. Ұғымдарды біржақты анықтау күрделірек, өйткені олар көбіне діни, атеистік, философиялық, этикалық және, кем дегенде, адам мен өзі өмір сүретін қоғамның тәжірибелік көзқарастарына байланысты.

Әр адам - бұл адамзат ұрпағының кішкентай бөлігі, адамдардың өткен және болашақ ұрпақтарын байланыстыратын буын. Бұл адамға талаптар ұсынатын объективті қыры болмақ: оның өмірі адамзаттың қалыпты дамуына ықпал ететін кейбір жалпы талаптарға сәйкес келуі керек. Берілген императивтің өзектілігі айқын – адамзат баласының жаппай құрып кетуіне шынайы қауіп баршылық, мысалы, экологиялық апат, эпидемия. Өмірдің мәні туралы мәселенің субъективті жағы біржақты шешілмейді. Бұл мәселе әрбір адаммен өз алдына дербес ерікті көңілмен таңдау жолымен сезінілуі және шешілуі қажет.

«Ел аузындағы қара өлеңдер әсемдік, сұлулық, сезімділік түсініктерімен шектелмей, адамзат баласына қатысты небір мейлінше терең танымдылық қасиеттерді көрсете білген. Сол себептен ұлтымыздың дәстүрлі поэзиясы болсын, аңыз әңгімелері болсын, сазды әуен, сазды күйі болсын ұдайы философиямен, даналықпен шендесіп жатады. Міне, сондай ұлтымызға тән ауызша поэзиялық шығармашылығындағы ең құндыларының бірі - *Қорқыт туралы аңыздар* болып табылады. Қорқыт - ұлы қобызшы, сазгер, бір сөзбен айтқанда қобызға алғаш тіл бітіріп, оның қыл ішегіне жаһандағы жаратылыс атаулының үнін күй етіп сөйлеткен өнер иесі, күй атасы.

Қорқыт жырларының мазмұны табиғаттың тылсым күштерін, адам жанының көңіл-күйлерін, жүрек сезімін қобыз сарынымен үндестіре отырып, үлкен бір философиялық ой-арнаны асқан сұлулықпен, нәзіктікпен, ең алдымен асқан даналықпен жеткізе білген. Мұндағы философиялық даналықтың терең ойлылығы - өліммен күресу, өлімді өнермен жеңе білуінде. Аңыздардағы Қорқыт философиясының негізгі түйіндерінің бірі - ажалды өмірдегі бар зұлымдық пен жауыздықтың басы деп тану, онымен күресу, өмірдің тұрлаусыздығын мойындамау, мәңгілік ғұмырды аңсау.



Бұл қазақ ойлау тәсілінің метафоралығының бір көрінісі. Қорқыт күйі шынында тым әсерлі, сазды, мазмұны жағынан (өнер барда өлім жеңбек емес) терең. Өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп ой толғайды». «Адам өмірін табиғат дүниесімен бірлікте, үйлесімде қабылдауға бағытталған қазақ халқының танымы халық ауыз әдебиеті мен музыкада, сана мен сезімнің бірлігінің негізінде қарастырылған. Қорқыт бір адам емес. Оның аңыз болатын себебі, Қорқыт - бүкіл мәдени болмысты біріктіретін түсінік, яғни мәңгілік уақытқа бағынбайтындығын көрсетеді.

Қорқыт түсінігі арқылы біз қазақ философиясындағы экзистенциализм бағытын байқаймыз. Қазіргі заманның негізгі мәселесі - өмір сүрудің өмірдің мағынасына, мәніне сәйкес келмеуінде жатыр. Және де экзистенциалистердің айтуы бойынша өлім адам өмірін шектеуші және анықтаушы күш болып табылады. Қорқыт түсінігі өлім арқылы адам өмірінің көкжиегінің шектеулілігіне күмән келтіреді. Сөйтіп, адам болмысын шексіздікке жетелейді. Міне, даналықтың негізі қайда жатыр»

Неміс экзистенциализмінің ең ірі өкілдерінің бірі Мартин Хайдеггер 1889 жылдың 26 қыркүйегінде Швабия өңіріндегі Мескирх деген жерде қарапайым қолөнершінің отбасында дүниеге келген. Философтың шығармашылығында екі кезеңді айырықша атайды. Бірінші кезең 1927 жылы басталып, 30-шы жылдарға дейін созылды. Бұл кезде ол ең басты еңбегі «Болмыс пен уақытты» жазды, бұдан өзге «Кант және метафизика мәселелері», «Негіздің мәні жөнінде», «Метафизика дегеніміз не?» шығармаларын жариялады. Шығармашылығының екінші кезеңі 1935 жылдан басталып өмірінің соңына дейін. Екінші кезеңдегі маңызды еңбектері «Метафизикаға кіріспе», «Гельдерлин және поэзияның мәні», «Тілге жол түзеу», «Ницше».

Философиялық ойлар тарихындағы өмірдің мәні мәселесін қарастыратын бағыттар - *фатализм, гедонизм, волюнтаризм, функционализм.*

*Фатализм* (лат.«fatalis» - тағдырмен алдын-ала анықталған, өлім) - кез-келген оқиға мен әрбір адамның еркін таңдауы мен мүмкіндігін қоспағанда, бастапқы тағдырдың сөзсіз жүзеге асуы ретінде қарастыратын дүниетаным.

*Гедонизм* (гр. «hendone» - рахаттану) - ләззат тек жоғары жақсылық қана емес, сонымен бірге, өмірдің мәні де туралы ілім. Ілімге сәйкес барлық қалған құндылықтар рақатқа жетудің кілті болып табылады. Бұл ілімнің тұжырымдамасын ежелгі грек ойшылы Аристипп жасаған. Философ адам жаны үшін 2 күйді анықтады - рахат және азап. Ләззаттың түрлері бір-бірінен ерекшеленбейді, өйткені олардың мәні бірдей сапалы. Аристипп бойынша, бақыт - бұл азапсыз рақаттың жоғары дәрежесі, ал өмірдің мәні - тән рақаты.

*Волонтаризм* (лат. «voluntas» - ерік-жігер) - табиғат пен қоғам заңдылықтарын жоққа шығаратын, шындықтың мәнін, сондай-ақ, адам әрекетін сөзсіз ерік-жігермен көретін идеалистік философиялық бағыт. Рухани өмірдегі ерік-жігерді атап көрсете отырып, волонтаризм рационализмге (немесе интеллектуализмге) - ақылды (немесе ақыл-ойды) тіршілік негізі деп санайтын идеалистік философиялық жүйелерге қарсы тұрады.

Функционализм - сана мен философияға балама ретінде пайда болған қазіргі сана философиясының жетекші теорияларының бірі. Функционализм өзінің тамырларын Аристотель, Томас Хоббс және Уильям Джеймс философиясынан алады, алайда тәуелсіз теория ретінде ол ХХ ғасыр соңына қарай қалыптасты. Функционализмнің негізгі идеясы психикалық күйлер физиологиялық та, феноменальды қасиеттер де емес, бірақ ақпаратты өңдеудің себептік тізбегінде анықталған қызметтер болып табылады. Функционализм - бұл ғылыми психологияны жан-тән мәселесін қарастырмай құруға талпыныс.

«Қазақ даласына тән данышпандық ой-толғаулардың, кесім-биліктердің, ой-тұжырымдардың қай-қайсысын ашып қарасаңыз сөз даналығының өзегі - адам. Адамның келешегі мен бүгінгісі, қайғысы мен қуанышы, арманы мен тілегі, қиыншылығы мен бақыты, болмысы мен болашағы. Демек, даналық және адамгершілік бір-бірімен тығыз байланыста жетіледі. Даналық, толысқан зерделілік пен адамгершілік теңдік пен келісімнен тұрады. Бір сөзбен айтқанда, ұлағаттылықтың үйлесімділігін құрайды. Ұлыс даласының данагөй би-шешендері, сұңғыла сөз зергерлері, ақын-жыраулар рухани ұстаздар іспеттес.



Сөз өнерінің шебері Абай Құнанбаев өзінің тереңнен толғаған озық ойларында оның шынайы туындысы болған моральдық қисындарды, адамгершіліктің талап-тілектерін ашып көрсеткен. Өмірлік тәжірибесін қорытқан данагөй ақын келешек ұрпаққа ақыл айтып, өсиет сөздерінің негізінде адамгершіліктің сара жолын нұсқайды. Абай бәрінен де ар-ұятты жоғары қояды. Адамның ең асыл қасиеттері осылар деп білген. Отыз алтыншы сөзінде: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы» деген ой қорытындысынан үлкен моральдық тұжырымды көреміз.

Сонымен қатар Абай «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер байлаулылықтың жоқтығынан азады», - деп тұжырымдайды. Ал оларды өзара біріктіріп жалпылық деңгейге көтеретін негізгі күш - ол ғылым. «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол» дейді Абай

Халқымыздың ұлттық зердесінде сақталған, жадында жатталған інжу-маржандай көркем ойларға толы даналық сөздердің мазмұны негізінен ұлағаттылық пен жақсылыққа жетелейтін кісілік асыл қасиеттерді іздестіру және сол негізде тәрбиелеу сияқты құндылықтарға толы. Адамгершілікке тән құнды дүниелерді, идеяларды ұсына отырып, талап-жігер мен ықылас-ынтаны арттыруда халық даналығы мен дала кемеңгерлері, дара тұлғалардың атқарған рөлі өте зор болды. Демек, даналық адамгершіліктен жоғары, яғни ақыл мен зейін-зерделілік адамдықтың ең жоғары белгісі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» атты философиялық трактатында: «Адам хақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» деп жазыпты. Демек, кесек ой, түйдек толғам біліктіліктен, қабілеттің кең өрістілігінен, санадағы сәуледен бастау алады. Тағы да Шәкәрімнің «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген сол болса керек» деген сөзі бар. Бұдан түйіндейтініміз, даналық көпті көргеннен, естігенді еске тоқудан, өмірлік тәжірибеден, таным тереңдігінен туады. Сонымен бірге, Шәкәрім бұл еңбегінде адам ұжданының қасиетін, оның мәнісін ашып көрсетеді. Ол - әділет, қанағат, мейірім қасиеттерінің жиынтығы.

Бір сөзбен, имандылықтың белгісі деп те айтуға болады. Себебі, иман жүзді адам дегеніміз - ұжданды адам деген сөз. «Ұят кімде болса, иман сонда» демекші, адамның екі дүниесінде сенімді серігі - иман. Ақыл - иманның сақшысы. Ақылды да иманы берік адам ешбір қиянатқа, жамандыққа, жауыздыққа баспайды. Адамдықты арсыз, арбау дүниеден ажыратып алар тек ақыл мен иман. Сол себепті халықтық көркем дүниелердің мазмұны имандылықты, ақылдылықты, әділет, адалдықты, бір сөзбен айтқанда, адамгершілікті өзек еткен.